

Мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 275 "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2010 жылғы 25 мамырдағы № 315 шешімі. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 маусымда № 9-2-161 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 98 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2013.01.22 № 98 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 275 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 9-2-152, 2010 жылғы 5 ақпанда "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Рудный қалалық мәслихатының тексеру комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрағасы **Ф. Виноградов**

Қалалық мәслихаттың хатшысы **В. Лощинин**

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі салық комитетінің Қостанай облысы бойынша салық департаменті Рудный қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Зикеев

М ә с л и х а т т ы ң

2010

жылғы

25

мамырдағы

№

315

шешіміне

қосымша

М ә с л и х а т т ы ң

2009

жылғы

23

желтоқсандағы

№

275

шешіміне

1-қосымша

**Рудный қаласының әкімшілік аумағында
базар аумағындағы дүңгіршектердегі,
стационарлық үй-жайлардағы(оқшауланған
блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда
тауарлар өткізу, жұмыстар орындау,
қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге
асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен
заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны**

Р е т бойынша №	Қызметтің түрі	Сауда ауданы	Б і р ж о л ғ ы т а л о н д а р д ы ң құны (теңге)
1	Гүлдер сату	Бір сауда орны	130
2	Азық-түлік емес тауарларын с а т у (автомобильдердің к о с а л қ ы бөлшектерінен, автомобиль резеңкелерінен басқа)	Бір сауда орны	150
3	Автомобильдердің к о с а л қ ы бөлшектерін және автомобиль резеңкелерін сату	Бір сауда орны	175
4	Азық-түлік тауарларын сату (ет басқа)	Бір сауда орны	130
5	Ет сату	Бір сауда орны	250

